

	Тексеруді және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындау туралы актілерді, олардың мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актілерді тіркеу және олардың күшін жою, тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау мерзімдерін тоқтатату, қайта бастау, ұзарту, қатысушылар құрамын өзгерту туралы хабарламаларды тіркеу және тексеру және бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау, және олардың нәтижелері туралы ақпаратты кесепке алу құжаттарының сыну қағидаларының 7-қосымшасы
	Нысан

Тексеру нәтижесі бойынша акті

«Бек-Иса» бөбекжай-балабақшасы ЖШС 2019 жылғы " 18 " 10
 Актінің толтыру орны уақыты 11:20

1. Мемлекеттік бақылау және қадағалау органның атауы

Жетісай аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы

2. Тексеру жүргізуге негіз болған тексеру тағайындау туралы актінің номері мен датасы
№576-Э/ 18.10.2019ж.

3. Тексеру жүргізу кезінде қатысқан тексеру субъектісінің атауы, жеке және заңды тұлғаның уәкілетті адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда) және оның лауазымы
жеке кәсіпкер Шарпхан Есбол Назарбекұлы

4. Тексерудің датасы, орыны мен кезеңі 01.12.2017ж. - 24.10.2019ж.

«Бек-Иса» бөбекжай-балабақшасы ЖШС, Қазыбек би с/о, Қазыбек би е/м, Ж.Аманқұлов көшесі №2.

5. Тексеру нәтижелері бойынша мәліметтер, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың мінездемесі (қысқа фабула)

«Бек-Иса» бөбекжай-балабақшасы ЖШС, Қазыбек би с/о, Қазыбек би е/м, Ж.Аманқұлов көшесі №2.

Нысанға №17-114-2-1080 14.09.2015 жылы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алынған. Жалпы жобалық сыйымдылығы 4 топ, 100 орындық. Ауласы қоршалған. Сыртқы жарықтандыру орнатылған. Балабақшамен байланысы жоқ нысандар орналаспаған. Балабақшаның кіру жолдарына, санитарлық аулалық қондырғыларға өтетін жолдарға қатты жабын төселген. Ауласында қоқыс тастайтын арнайы орын қарастырылған, алайда контейнер қойылмаған оның орнына домалақ бочка қойылған қақпағы жоқ. Аулада топтарға ойын алаңы қарастырылған, көлеңкелі қалқалар мен ойын жабдықтарымен жабдықталған. Балабақша ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілген. Үй-жайлардың еден, төбе және қабырға беттерінде бұзылулар анықталмады. Жылыту жүйесі батареяларында қоршаушы құрылғылар орнатылған. Топ бөлмелер балалардың бойы мен жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін жиһаздармен жабдықталған. Әртүрлі мақсаттағы үй-жайларда ыстық және суық су өткізілген раковиналардың қолды жууға және кептіруге арналған құралдар қарастырылмаған. Балалар түбектері таңбаланған бірақ түбектерге ұяшықты шкаф қарастырылмаған. Балалар ойыншықтарының сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттары алынған. Ойыншық жууға арналған ыдыс (емкость) таңбаланған, әр топқа бөлек қарастырылған. Ауыз су жүйесі орталықтандырылған. Аулада су шүмегі орнатылған. Сарқынды суларға жергілікті септик қарастырылған. Желдету жүйесі

табиғи және жасанды, ас блогында сорып шығаратын шатыр орнатылмаған. Жылып жүйесі автономды, газбен. Ауыз суға жүргізілген микробиологиялық және санитариялық гигиеналық зертханалық талдау қорытындысымен оң нәтиже анықталған жоқ. Топтарда балаларға ауыз су ұйымдастырылған, қайнатылған су дайындалған, арнайы шыны ыдыс қарастырылған.

Санитарлық аулалық қондырғылар күнделікті дез. ерітіндімен залалсыздандырылмаған. Терезе көздеріне москит торлар орнатылған. Жарық жасанды және табиғи, қызу шамдары арқылы. Асханада жарық көздеріне қорғаныш құрылғылары (плафон) орнатылған. Жарық өлшеміне жүргізілген зертханалық-инструменталды талдау қорытындысымен сәйкессіздік анықталмады. Топ бөлмелер мен медициналық кабинеттер термометр орнатылған. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығына жүргізілген зертханалық-инструменталды талдау қорытындысымен сәйкессіздік анықталмады. Дезинфекциялық ерітіндінің зертханалық талдау қорытындысымен сәйкессіздік анықталмады. Тазалау құралдарын сақтауға арнайы бөлме қарастырылған. Жинау мұкамалдары әр үй-жайға бөлек қарастырылмаған, таңбаланбаған. Дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралар жүргізілмеген, арнайы мекемемен келісім-шарт түзілмеген. Кір жуу орны жабдықталған. Төсек жабдықтарын сақтайтын арнайы бөлме қарастырылып жабдықталған. Төсек жабдықтарының үш ауысымы қарастырылған. Балалардың төсек-орын жабдықтарының номерлері ауысқан. Ас блогы технологиялық процесс сатыларына қарай жабдықталған. Асхана және ас үй ыдыстарын келтіруге арнайы стеллаждар орнатылған. Шикізат пен өнімнің қауіпсіздігін кәуәландыратын құжаттары ет және сүт өнімдеріне қауіпсіздігін растайтын ветеринариялық анықтамасы жоқ. Тамақ өнімдерін сақтау барысында тауар көршілестігі сақталған. Қоймада тамақ өнімдерін сақтауға стеллаждар орнатылып, арнайы ыдыстар қарастырылған. Тоңазытқыш, технологиялық жабдықта жұмыс жағдайында. Тамақ ішу арасындағы интервал сақталған. Асханада турау құрал-саймандары таңбаланған. Жұмыртқа сақтайтын таңбаланған ыдыстар қарастырылмаған. Тыйым салынған тамақ өнімдері анықталмады. Тоңазыту жабдығының температурасын бақылау үшін термометр орнатылған. Тамақ қалдықтарына арнайы таңбаланған ыдыстар бар. Қалдықтарды жинауға, уақытша сақтауға, тасмалдауға және залалсыздандыруға қойылатын талаптар сақталған. Дайындалатын тағамдардың онкүндік перспективалық маусымдық (қыстық-көктемгі, жаздық-күздік) ас мәзірі санитариялық талапқа сай түзілген. Күн сайын тамақтанатын балалардың саны көрсетілген мәзір-тарату парағы жасалған. Тағамдар дайындау технологиясы көрсетілген технологиялық карталар жасалған. Мәзірде бірдей тағамдар немесе аспаздық өнімдер апта ішінде қайталанбаған. Күнделікті балаларға С витамині берілуде. Тамақ ішу интервалы сақталған. Дайындауға және өткізуге жол берілмейтін тағамдар мен азық-түлік өнімдері анықталмады. Дайын өнімнің тәуліктік сынамасы сақталған. Мерзімі өткен тез бұзылатын тағамдар анықталған жоқ. Аспаздардың кәсіптік біліктілігі бар. Алғашқы медициналық көмекке дәрі-дәрмек және медициналық қобдиша қарастырылған. Персоналдар арнайы киіммен қамтамасыз етілген.

Топтық толықтыру ережесі сақталған. Балаларды топтастырғанда балалардың жас ерекшеліктері ескерілген. Бала-бақшада күн тәртібін түзу барысында балаларды таңертеңгі қабылдаудан бастап, таңғы ас, оқу сабақтарын өткізу, серуендеу, түскі ас, ұйқы, дене шынықтыру, бесін ас және балалардың жас ерекшеліктері ескерілген. Түзілген күн тәртібі әр топтық үй-жайда қабырғаға ілінген.

Балабақшада 1 медициналық қызметкер: 1 мейірбике жұмыс істейді. Тәрбиеленушілерге емдеу-профилактикалық, сауықтыру іс-шараларын жүргізу үшін жылдық жоспар түзілген. Балалар медициналық байқаумен қамтылған. Жұқпалы және соматикалық ауруларды есепке алу журналы жүргізілген. Тәрбиеленушілер арасында соматикалық және жұқпалы аурулардың есебі жүргізіліп әр тоқсан сайын аудандық ТҚҚСҚББ-на тапсырылып отырған. Тәрбиеленушілерді ішек құрт жұқпасына тексеру жоспарға сәйкес, балабақшаға қабылдау алдында және басқа топқа ауысу кезінде

жүргізілуде. Қазіргі таңға тәрбиеленушілер арасында жұқпалы аурулар тіркелмеген. Тәрбиеленушілер педикулез жұқпасына айына бір рет тексеріліп, журналға тіркеледі. Күнделікті дайындалатын тағамдардың органолептикалық сапасы тексеріліп, бракераж журналға тіркелген. Аспаздардың іріңді тері, жоғарғы тыныс жолдары ауруларының күнделікті бақылау жүргізіліп, арнайы журналға тіркеледі. Бір ай ішінде тамақ өнімдерінің нормасының орындалуын бақылау тізбесі жүргізілген. Медициналық кабинетте алғашқы медициналық көмек көрсету үшін дәрі-дәрмек қоры және медициналық қобдиша қарастырылған. Дәрі-дәрмек жиыны жеткілікті. Барлық бала бақша қызметкерлері мерзімдік медициналық байқаудан өтіп, жұмысқа рұқсат алған. Медициналық байқаудың қорытындысы арнайы журналға тіркеліп, мерзім көрсетілген.

Тексеру барысында санитарлық-микробиологиялық зертханаға 40 сүртінді, 1 сүт, 1 салат, 1 сусын, 1 тәтті тағам 1 су, 1 топырақ, 1- көп компонентті тағам сынамалары алынып, алынған 40 сүртіндінің 3-нен пайыз оң нәтиже анықталды. Санитарлық-гигиеналық зертханаға сүт 1 сынама, пісу сапасына 1 сынама, ауыз су 1 сынама, дез. ерітінді 1 сынама, топырақ 1 сынама алынып, сәйкессіздік анықталған жоқ. Өндірістік бақылауды жүзеге асыру үшін бағдарлама түзіліп, арнайы мекемемен келісім шартқа түрмеген.

6. Бұзушылықтар анықталған тексеру парағының атауы және талаптардың тармақтары

№	Объектілер тізімі	Анықталған бұзушылықтар тізімі	Бұзушылықтар анықталған тексеру парағының талаптары мен тармақтарының атауы
1.	«Бек-Иса» бөбекжай-балабақшасы ЖШС	<u>Ауласында қоқыс тастайтын арнайы орын қарастырылған, алайда контейнер қойылмаған</u> <u>оның орнына домалақ бочка қойылған қақпағы жоқ.</u>	6 т. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілеріне қатысты тексеру парағы
2.		<u>Әртүрлі мақсаттағы үй-жайларда ыстық және суық су өткізілген</u> <u>раковиналардың қолды жууға және кептіруге арналған құралдар қарастырылмаған.</u>	12 т. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілеріне қатысты тексеру парағы
3		<u>Түбектерге ұяшықты шкаф қарастырылмаған</u>	13. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілеріне қатысты тексеру парағы
4		<u>Ас блогында сорып шығаратын шатыр орнатылмаған</u>	46. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілеріне қатысты тексеру парағы
5		<u>Санитарлық аулалық қондырғылар күнделікті дез. ерітіндімен залалсыздандырылмаған.</u>	23. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілеріне қатысты тексеру парағы

6	<u>Жинау мұқаммалдары әр үй-жайға бөлек қарастырылмаған, таңбаланбаған.</u>	33. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілеріне қатысты тексеру парағы
7	<u>Дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық іс-шаралар жүргізілмеген, арнайы мекемемен келісім-шарт түзілмеген.</u>	36 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілеріне қатысты тексеру парағы
8	<u>Балалардың төсек-орын жабдықтарының номерлері ауысқан.</u>	39 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілеріне қатысты тексеру парағы
9	<u>Шикізат пен өнімнің қауіпсіздігін кәуәландыратын құжаттары ет және сүт өнімдеріне қауіпсіздігін растайтын ветеринариялық анықтамасы жоқ.</u>	44. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілеріне қатысты тексеру парағы
10	<u>Жұмыртқа сақтайтын таңбаланған ыдыстар қарастырылмаған.</u>	42. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілеріне қатысты тексеру парағы
11	<u>Микробиологиялық зертханаға алынған 40 сүртіндінің 3-нен 25 пайыз оң нәтиже анықталды.</u>	54 т. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілеріне қатысты тексеру парағы
12	<u>Өндірістік бақылауды жүзеге асыру үшін бағдарлама түзіліп, арнайы мекемемен келісім шартқа тұрмаған</u>	96. Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту объектілеріне қатысты тексеру парағы

7. Тексеру жүргізген лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) қолы
8. Тексеру субъектісінің уәкілетті тұлғасының, сондай-ақ, тексеру барысында қатысқан тұлғалардың актімен танысуы немесе танысудан бас тарту туралы мәліметтері, колдары немесе қол қоюдан бас тарту

9. Тексеру нәтижесі бойынша ескертулер және (немесе) наразылықтар

2019 жылғы " 24 " 10 қосымша " " парақта
Ескерту: Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 152-бабының 2-бөлігіне сәйкес тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша қосымша уақыт және (немесе) қаржы шығындары қажет болған жағдайда, Сіз үш жұмыс күнінен кешіктірмей

бұзушылықтарды жою мерзімін ұзарту туралы арыз беруге құқылысыз.

Арызда бұзушылықтарды жою бойынша қабылданатын шаралар мен бұзушылықтарды жою мерзімін созудың объективті себептерін көрсету қажет.

Тексеру жүргізген мемлекеттік орган үш жұмыс күнінен кешіктірмей арызда көрсетілген мән-жайларды ескере отырып бұзушылықтарды жою мерзімін ұзарту немесе ұзартудан бас тарту туралы дәйекті шешім қабылдайды.